


КЕЛІСІЛДІ

Астана қаласы әкімдігінің

«Әдістемелік орталығы» МКҚК

басшысы  С.М. Дауешова


«17» 03 2025 жыл




БЕКІТЕМІН

Астана қаласы әкімдігінің

«№43 ҚББМО» ЦЖК

директоры  Р.М. Такебаев

«18» 03 2025 жыл



«Бұқар жырау үні» атты республикалық конференциясының ЕРЕЖЕСІ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. «Бұқар жырау үні» республикалық ғылыми-шығармашылық конференция (бұдан әрі – конференция) көркем еңбек, тіл мамандары, тарих пәні және музыка пәні мұғалімдерінің іс-тәжірибесін таратуға, насихаттауға, пәнаралық байланысты дамытуға бағытталған.

1.2. Ереже конференцияның өткізу шартын, мақсаттары мен міндеттерін, қойылатын талаптарды айқындайды.

1.3. Конференция ұйымдастырушылары: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК және Астана қаласы әкімдігінің №43 қосымша білім беру мектеп-орталығы.

1.4. Конференция қатысушылары: білім беру ұйымдарының және қосымша білім беру педагогтері.

1.5. Өткізілу уақыты: 2025 жылғы 25 сәуір сағат 10.00-де (тіркелу сағат 09.15-тен басталады).

1.6. Мекен-жайы: Астана қаласы, Мичурин тұрғын алабы, Бастау 2, №43ҚББМО

II. КОНФЕРЕНЦИЯ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты: Бұқар жырау Қалқаманұлының әдеби мұрасын кеңінен таныту, шығармашылығының маңыздылығын халық арасында насихаттау және жас ұрпаққа ұлы жыраудың идеяларын жеткізу.


Міндеті:

- ұстаздар арқылы жас ұрпақтың бойына жыршы-жырау, ақындық қасиетті, суретшілік және қолөнер дәстүрін жаңаша жаңғырту, санасына сіңіру, ұрпақты ұлттық рухта, қазақстандық патриоттық сезімде тәрбиелеуді кеңінен тарату;
- халықтың рухани мол мәдени мұрасын кеңінен насихаттауда біртұтастықты қалыптастыру.

III. КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

3.1. Конференцияны ұйымдастыру және өткізу үшін Ұйымдастыру комитеті (2-қосымша) құрылады. Ұйымдастыру комитеті:

- конференцияны ұйымдастырады және өткізеді;
- әлеуметтік желілерде жариялайды.



3.2. Конференция өтінімдері 2025 жылдың сәуір айының 14-19 аралығында қабылданады. Өтінім мектеп басышысының қолы және мөрімен бекітіледі.

IV. КОНФЕРЕНЦИЯ БАҒЫТТАРЫ МЕН ТАЛАПТАРЫ

4.1. «**Бұқар жырау үні**» – қатысушылар Бұқар жырау Қалқаманұлының толғауларын бір аспапта (қобыз, домбыра, сырнай т.б.) орындайды.

4.2. «**Жырау ізімен**» – қатысушылар Бұқар жырау Қалқаманұлы толғаулары негізінде өз шығарма-толғауларын оқиды.

Өзге ұлт өкілдерінің қатысушылары Бұқар жыраудың 15 (одан кем емес) жыр-толғауын жатқа, мәнерлеп оқуы керек. Қазылар алқасы айтылу мәнерін, орындау екпінін, киім үлгісін бағалайды.

4.3. «**Ал, айтамын, айтамын**» – Бұқар жырау Қалқаманұлының ірі оқиғаларға ең көп қатысқан көрнекті қайраткер, аса ірі тарихи тұлға ретінде сипатталған баяндамалар ұсынылады. Қазылар алқасы тақырыптың өзектілігін, терең мағыналылығын бағалайды.

4.4 «**Толғаулардан туындыға**» – Қатысушылар бейнелеуші-суреттеуші Бұқар жырау Қалқаманұлының толғауларындағы сол тұстағы тарихи оқиғаларды және кейіпкерлердің суреттерін салып, қолөнер бағыты бойынша ағаш ою, батик, киізбен жұмыс, тоқыма коллаждары, жұмсақ ойыншық, кесте туындысын ұсынады. Дайын туындымен қатар, конференция барысында қазылар алқасының тапсырмасы бойынша сурет салынып, қолөнер бағыты бойынша арнайы тапсырмалар беріледі (өру, тоқу, коллаж жасау). Қазылар алқасы сайыскердің бейнелеу өнерінің, ерекшелігін, қолөнерінің ерекше жасау технологиясын (материал түрі), сюжетті жеткізе алғанын бағалайды.

4.5. Конференцияға жіберілген баяндамалар келесі түрде безендіріледі: ғылыми мақаланың жалпы көлемі – 2,5 кем емес, 5 беттен аспауы керек. А4 форматында, Times New Roman қарпі, 14 – кегель, жол арасы интервалы – 1,5; мақаланың соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі көрсетілуі міндетті.

Алғашқы беті: мақаланың атауы, автордың толық аты -жөні, жұмысы, оқу орны, қызметі көрсетілуі тиіс.

Аңдатпа (аннотация) қазақ тілінде жазылады.

4.6. Конференцияға жалпы білім беретін мектептердің тіл мамандары, тарих пәні, көркем еңбек пәні, музыка пәні ұстаздары берілген 4 бағыт бойынша қатыса алады.

4.7. Конференцияға қатысу үшін ұйымдастыру комитетіне:

- конференцияға қатысу өтінімін (1-қосымша);
- мақала мәтінін (талапқа сай болуы керек);
- төлем чегінің көшірмесін (қатысушының атынан төленуі керек) ұсыну қажет.

4.8. Өтінімдер мен қосымша материалдарды **2025 жылдың сәуір айының 14-19 аралығында** мына электрондық мекенжайға ұсынылуы тиіс:

school43astana@gmail.com # «Бұқар жырау үні» деген белгімен.

4.10. Материалдар жинағы (электронды түрде, PDF форматында) конференция өткізілген күннен кейін (30 күн ішінде) қатысушыларға жіберіледі.

4.11. Конференцияға қатысу құны 4.000 (төрт мың) теңгені құрайды.

Атауы: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталық» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ИИН/БИН: 070540006188

ИИК: KZ42722S0000006089425

БИК: CASPKZKA

АО "KASPI BANK"

Мекен жайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ. , Нұра ауданы, Қабанбай

Батыра көшесі, 33 үй

КБЕ: 16

КНП: 859

4.12. Іс-сапар шығынын жіберуші жақ көтереді.

4.13. Ұйымдастыру комитеті жариялау үшін мақалаларды таңдау құқығын өзіне қалдырады және материалдарды алғаннан кейін 3 жұмыс күн ішінде авторлық мекенжайға олардың түскенін растайтын хат жібереді.

4.14. Байланыс телефондары: 87026422545 (Кусбекова С.),
87056597908 (Абищев С.)

V. КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫСЫ

5.1. Конференцияның барлық қатысушыларына қатысқандығы туралы сертификат беріледі.

5.2. Үздік баяндамалар жинаққа (редакцияланбайды) енгізіледі.

Республикалық «Бұқар жырау үні» конференциясына
ӨТІНІМ

№	Қатысушының аты-жөні (толық)	Қатысушы мәлімет	туралы		Номинация атауы	Байланыс тел.
1		Облыс, қала елді - мекен, білім беру ұйымының атауы	жасы	қатысу тілі (ұлты)		
2						

Ұйымдастыру комитеті

1. Такебаев Руслан Манарбекович – №43 ҚББМ директоры, ұйымдастыру комитетінің төрағасы;
2. Кусбекова Сандугаш Темировна – №43ҚББМ директорының ОІЖ орынбасары;
3. Изатова Алмагүл Есенгелдиновна – №43ҚББМ директорының ОІЖ орынбасары;
4. Саттыбаева Күлаш Кенжебаевна – №43ҚББМ директорының ТІЖ орынбасары;
5. Абищев Серикбол Жанаевич – №43ҚББМ «Тілдер» әдістемелік бірлестігінің жетекшісі;
6. Халмурзаева Жупаркул Абсаитовна – №43ҚББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі;
7. Омаров Жасулан Кенжеғалиевич – №43ҚББМ «ЖМБ» әдістемелік бірлестігінің жетекшісі.
8. Рахимбаева Гулсара Силановна – №43ҚББМ мұғалімдерінің кәсіподақ ұйымының төрайымы;
9. Махметова Мадина Болатовна – №43ҚББМ информатика пәнінің мұғалімі;
10. Бөлебай Күләш Казымбекқызы – № 95 мектеп-лицейінің көркем еңбек пәні мұғалімі;
11. Аменова Токтар Ибраевна – №98 мектеп-лицейінің көркем еңбек пәні мұғалімі;
12. Елеукенова Гулшат Баймуханбетовна – №91 мектеп-гимназиясының көркем еңбек пәні мұғалімі.